

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1200 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына Есіл өзенінің сол жақ жағалауындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы мен Қазақстан Республикасының Үкімет Үйін көркемдеп безендіру және арнайы асханалық ыдыс пен құралдар сатып алу және Мемлекет басшысын арнайы байланыс түрлерімен қамтамасыз ету үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 800000000 (сегіз жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*